

«КЕЛІСІЛГЕН»

«Қостанай қаласы облысы
білім басқармасының «Қостанай
қаласы білім бөлімінің № 5
бөбекжай-бақшасы» КМҚК

директоры

Д.Досмакова



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 5 бөбекжай-бақшасы» КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтама»

Қостанай қаласы

14.01.2022 жыл

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 5 бөбекжай-бақшасы» КМҚК «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №4 бұйрығының негізінде 2022 жылғы 10 қаңтардан 2022 жылғы 13 қаңтарға 2022 жылға дейін «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 5 бөбекжай-бақшасы» КМҚК аралығында (бұдан әрі – мектепке дейінгі ұйым) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Персоналды басқару»

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 5 бөбекжайы» КМҚК-да тізімдік саны 36 адамды құрайды, оның ішінде 4 қоса атқарушы, 4 педагог декреттік демалыста.

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің сапалық құрамын талдай отырып, орташа жасы 37,5 жасты құрайтынын атап өткен жөн.

Лауазымдық міндеттерін тиімді атқару үшін, біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру мақсатында 2021 жылдың екінші жарты жылдықта мектепке дейінгі ұйымның 4 педагог курстық даярлықтан өтті (ОО "Интеллектуальный центр Инновационное образование") (Педагогикалық шеберлік орталығы).

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, мектепке дейінгі ұйымның қызметкерлері 2021 жылдың екінші жарты жылдықта тексерілетін кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз. Мектепке дейінгі ұйымда мүдделер қақтығысы жоқ.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен қызметкерлерінің қызметі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, Әдеп кодексін іске асыруға бағытталған.

Жалпы, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің қызметі қойылған міндеттерді іске асыруға бағытталған.

«Мемлекеттік қызметтерді көрсету»

Қазіргі уақытта «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Қостанай қаласы әкімдігінің № 5 бөбекжайы» МКҚК-да барлығы 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»;

- Педагогикалық кадрларды аттестаттау.

2021 жылдың 1 шілде аралығында кезеңде тікелей мектепке дейінгі ұйымда 32 Мемлекеттік қызмет («Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау») көрсетілді. Педагогикалық кадрларды аттестаттаудан 6 педагог мемлекеттік қызмет көрсетілді (4 педагог-модератор, 2 педагог-эксперт).

Мемлекеттік қызмет бұзушылықсыз көрсетілді, шағымдар жоқ.

Мектепке дейінгі ұйымда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау мақсатында 2021-2022 оқу жылына арналған педагог қызметкерлерді аттестаттау жоспары бекітілді.

Сондай-ақ, басшы және Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға «Қостанай қаласы білім бөлімінің жанындағы БКС режиміндегі директорлар кеңесінде қарастырылды:

2021 ж. 30 желтоқсаның - Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу және алдын алу бойынша қабылданатын шаралар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ парасаттылық мәдениетін қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі құрылды, оған кіші бөлімдер енгізілді:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру.

- 2020-2021 оқу жылына арналғай сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты, этика кодексін бекіту туралы бұйрық;

- Мектепке дейінгі ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

- Мектепке дейінгі ұйымның Этика кодексі;

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрық;

- 2021 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы аналитикалық анықтама.

- Комплаенс - қызметті жүзеге асыруға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық;

- Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық.

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымның сайтында жылына 2 рет тамақ өнімдерін сатып алуға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары орналастырылады, өнім берушілермен жасалған шарттар туралы ақпарат тоқсан сайын жанартылып отырады.

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

«№ 5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

«№ 5 бөбекжай-балабақшасы» КМҚК бақылау функцияларын іске асырмайды.

«Мектепке дейінгі ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:




1. Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңдарын, Әдеп кодексін, қызметкерлер мінез-құлқының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтауы тиіс.

2. Комплаенс-қызметтердің функцияларын жүзеге асыруға жауапты Д.Еслямова квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас

жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес қызметті жүзеге асыру

3. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге жауапты Д.Еслямова мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету.

2. Директор сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша қызметкерлермен түсіндіру жұмыстарын баспа басылымдарында жариялаумен немесе мектепке дейінгі ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастыруды жүргізеді.

Жұмыс тобының төрайымы:  Еслямова Д.Т.
Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:  Махамбетова Г.С.
 Увайсова Н.М.